

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____
Топ: кіші жас
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.06 - 21.06.2024ж.
Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. (сөйлеуді дамыту, музыка)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен «Күн режимі және оның бала өміріндегі маңызы» тақырыбында әңгімелесу. Мен тобымыздың барлық балаларын дені сау және бақытты көргеніме қуаныштымын! Кешке дейін осы көңіл-күйде болғандарыңды қалаймын! Ол үшін біз жиі күліп, бір-бірімізге көмектесуіміз керек!				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: дымқыл шүберекпен орындықтардың шаңын сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар: "Біз дымқыл шүберекпен топ бөлмесіндегі және жатын бөлмесіндегі терезелердің алдарын сүртеміз".	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып салғызу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: орындықтардың бетін дымқыл шүберекпен шаңнан сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды

	әрекеттеріне баулу.	Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: женшелерді киіп, матаны сулап, құрғатып сығу, егер кір болса, оны сумен шаюға.	жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау.	әрекеттерін жүзеге асырумен таныстыру.	қарапайым еңбек әрекеттеріне баулу.
	Тақпақ жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақай, алақай, Құймақ пісті балақай! Терезеге қояйық, Тезірек суытайық. Торғайлар ұшып келді, Құймақтан шоқып жеді. Қатты қағып	"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау. Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). "Шарды қалқып	"Жаңбыр" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады. Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта	Тақпақ жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Сылдыр - сылдыр - сылдыр су, Су шүмектен ағып тұр. Жарқылдайды, жылтырап, Жуынуға бұйырат! "Қуыршаққа киім таңдап берейік!" дидактикалық	"Кәмпитті орамға орап көрейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының дәлдігін, зейінді дамыту. Құрал-жабдықтар: кішкентай текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз. Балаларға бір кішкентай текше, кішкене цилиндр және доп ұсынылады. Сіз «кәмпит» жасау үшін оларды қағаз бөліктеріне

	қанатты, Бастарына қоныпты! "Қалашық салу" ойыны. Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" немесе ағаш материалдарынан құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйін салуды ұсынады (өткен аптаның тақырыбын еске түсірейік) және оны ортақ құрылысқа біріктіру.	ал" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту. Сумен ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін поролон ысқыштар мен сүкұйғыштарды, пластикалық шыныаяқтар, қақпақтар, стакандар, екі тегене, алжапқыштар, сүлгілер дайындау. Кішкентай пластикалық шарларды су құйылған ыдысқа салып қояды. Балаға сабы бар сүзгі беріледі және	айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды. Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыққы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады). Балалар айтылу жылдамдығын ажырата білуге және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуға	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешектерді атауға, ұлдар мен қыздарға арналған киімдерді ажырата білуге, қуыршақты бірте-біртелік жүйе бойынша киінуге үйрету.	орауыңыз керек. Текшені ирис сияқты барлық жағынан орауға болады. Балалар өздері бастамашы бола алады: «кәмпиттерді» қалағанынша орап алады. Сіз кәмпиттер орамасының бірнеше суретін көрсете аласыз немесе үстелге шынайы кәмпиттер қоя аласыз.
--	--	---	--	--	--

		шарларды сүзіп, қалқып алуды өтінеді. Балалар сүзіп алған шарларын қоятын екінші бос ыдысты дайындау.	үйренсе, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және "тырс- тырс" дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталанады. Педагог балалардың зейінді болуын және дыбыс тіркесімін айту жылдамдығын құлақпен есту арқылы дәл анықтап, оны берілген қарқынмен дұрыс айтуын қадағалайды.		
Ертеңгілік жаттығу	Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындайық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, Барлығымыз тұрамыз.				

	Оңға - солға бас бұрып, Керіліп, айналамыз. Бір - біріңе жымыып, Күлімсіреп қараңдар! Ешқашан қабақ түйіп, Достарға қарамаңдар! Тусипжанова-Шагирова А. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Сәлемдесу ойыны "Менің	"Айналамыздағы су" тақырыбында	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер:	Апта тақырыбы бойынша жұмбақ	"Әдемі есімдер" ойыны.

дайындық	көмекшілерім". Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған.	әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балаларды "су" жалпы түсінігімен таныстырып, Жер бетінде судың қандай күйлерде кездесетіні жайлы жалпы түсінік беру. Әңгімелесу кезінде глобусты көрнекі құрал ретінде қолдануға болады. Балаға біздің ғаламшарымыз құрлықтан қарағанда, көп бөлігі судан тұратынын көрсету. Өзен - көлдердің суы тұщы, дәмсіз, ал теңіздердің суы тұзды болатынын түсіндіру. Сондай-ақ, осы әңгіме кезінде балаға судың қайдан келетінін түсіндірген жөн.	балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған, Аспаным! Сәлем саған, алтын Күн! (Қолдарын көтеру) Сәлем саған, туған Жер! (Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу) Сәлем, бүкіл Жер шарым! (Қолдарын кілемге баяу түсіру) Сәлем, үлкен отбасым! Сәлем берді балашың! Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай	шешу. Мақсат-міндеттер: су туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Ағады, қайнайды, Буланады, ойнайды. Тіпті аспанға да ұшады, Байқамасаң, төгіліп қалады. Ұшып жүріп жалықса, Жерге қайта жауады. Әлемнің бар жерінде кездеседі, Бұл не екенін кім біледі? - Иә. Бұл су. Дұрыс айтасыздар. Құралдар: су, бу, жаңбыр, қар, өзен, теңіз салынған суреттер.	Мақсат-міндеттер: зейінін, ерік-жігерін жұмылдыру; ырғақ сезімін дамыту. Балалар шеңберге тұрады немесе отырады. Педагог бір баяулау темпте шапалақ ұрып, "бір, екі, үш, төрт" деп санап тұрады. Ал балалар үздіксіз ұрылған шапалақ дауысының ырғағына дәлдеп кезек-кезек өз есімдерін атайды. Ойын әр бала өз есімінің ырғағын өткізіп алмай, өз есімінің ырғағын дұрыс анықтап, тауып айтып отырған жағдайда ғана қызықты болып өтеді. Балалар дағдыланып қалған кезде, педагог ырғақты жылдамдата
----------	---	--	--	--	--

		Сумен тәжірибені көрсету: су мөлдір, дәмі жоқ, иісі жоқ; су боялады; су ағады, тамшылайды. Құралдар: ыдысқақұйылған таза ас суы; молдір шыны ыдыстар; төсеніштер; түтікшелер, акварель бояуы; сүлгілер; шәйнек, қасық.	етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.		түседі. Әуелде шеңбер бойымен бір бағытта, сосын қарама қарсы бағыт бойынша жүріп ойнату. Шеңбердегі есімдердің барлығы аталып болған кезде ойын аяқталады. Ойынды мейлінше түрлендіруге болады. Есімдердің орнына бояуларды (қызыл, сары т.б.) немесе жануарлардың атауларын ататуға болады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көркем әдебиет "Жалқау мысық" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке,	Дене шынықтыру "Сылдыр аққан су" Мақсат-міндеттер: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және	Жаратылыстану "Сикыршы су" Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық, ағады, құйылады; суды	Сурет салу "Сикырлы тамшылар" Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп	Музыка "Күн, ауа және су" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа

	ұқыптылықты тәрбиелеу.	аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу.	әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту.	тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіл парак бетінде орналастырып, нүкте «түрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа, өзара көмекке тәрбиелеу.	тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы. Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Серуен	Суды бақылау. Мақсаты: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғаруын байқатып,	Жаңбырды бақылау. Мақсат-міндеттер: балаларды маусымдық құбылыстардың бірі - жаңбырмен таныстыруды	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. Мақсат-міндеттер:	Судың қасиеттерін бақылау. Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайындағы түсініктерін жетілдіру; ойлау қабілеттерін дамыту.

өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Апта тақырыбына сәйкес өлең жолдарын жаттау. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан	жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне ықпалы жайында түсіндіріп, айтып өту. Далаға шығып бара жатып, бүгінгі ауа-райы қандай (жаңбырлы, бұлтты) екеніне назар аударту. Жаздың жылы жаңбыры барлық өсімдіктерді суғаратынын айту. Өсімдіктердің жапырақтары ылғалданып, жаңбыр тамшылары күнге шағылысады. Көркем сөз. Алғашқы найзағай ойнап аспанда, Дайындалып жаңбырға, Жиналды бұлттар да. Жаңбыр жауып қандырды, Шөптердің шөлін.	айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша	балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен	Су күннің көзінде тұрып, жылынады. Сумен өсімдіктерді суғарады, құстар көлшіктерден су ішеді. Су тап-таза, мөлдір болады. Су құйылады, суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады. "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ойын желісіндегі айталатын сөздерді мұқият тыңдауға баулу. Жүргізуші қасқыр таңдалады, алаңның ортасында тұрады. Балалар қасқырдан 5-10 қадам қашықтықта
---	---	--	--	---

	тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Мақсаты: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	Жайқалып, құлпырды, Мен екен гүлім! "Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. "Торғайлар мен мысық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып	көркейтейік! "Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру. "Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен	де, Жарылмашы, түрленші. Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар. Үлескені сыпырып, орындықтарды сұрту. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Сарқырамалар" атты сумен ойындар. Мақсат-міндеттер: зияткерлік қабілеттері негіздерін қалыптастыру. Үлкен тегенеге су құйып, балалардың қолдарына сукұйғыштар, пластик ыдыстар, стакандар сияқты кез келген балаларға ыңғайлы бір ыдыстан бір ыдысқа су құюға болатын ыдыстар	бір қатарға тұрып өлең оқиды: «Қаздар-қаздар, ға ға ға, қарның аш па? Иә, иә, иә! Онда, үйге ұшыңдар. Тау астында сұр қасқыр, тіс қайрап, су ішуде, бізді өткізбейді үйге. Ұшар кезде байқандар, қасқырға ұсталып қалмаңдар!» Осы сөздерден кейін барлық балалар екінші жағына қарай жүгіреді, ал қасқыр ұстап алуға тырысады. Ұсталған қасқырға айналады. "Екі көңілді қаз" қимыл-қозғалыс ойыны Мақсат-міндеттер: еліктеу қимылдарын орындау біліктіліктерін қалыптастыру; үй қаздары жайындағы
--	--	---	--	---	--

		секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар.	ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. "Көлшік" сумен ойналатын ойындар. Сумен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін поролоннан жасалынған ысқыштар (губка), суқұйғыштар, пластик тегештер, қақпақтар, шыныаяқтар, алжапқыштар,	беру. Балаларға бір тостағаннан екіншісіне су құю әдісін көрсетіп, биіктігін өзгерте отырып, көңілді және шулы сарқырама жасау;	ұғымдарды тиянақтау. "Екі көңілді қаз". Екі қаздай жүрейік, Мойындарды созайық. (Бірінен бірі соң бір бағанда, мойынды созып жүру, екі қолды көтеріп, түсіріп, екі санның жағына соққылау) Қаздар дейді: Ға-ға-ға! Барайық біз базарға! (Сөздерді қайталап жүру) Базарға баруға болмайды, Шығындар көгалға! (Бағаннан шығып, алаңға шашырап жүгіру, шоқайып отыру, қолдармен тізені соққылау) Ахметова Д. Еңбек тапсырмасы: далаға алып шыққан
--	--	---	---	---	---

		сүлгілер дайындау. Бұл әрекет үшін ысқыш қажет, біреуі сумен, екіншісі бос екі тегеш. Педагог балаларды ысқышты (губканы) суға батырып, содан кейін бос тегенеге сығып алуға шақырады. Бұл әрекетті суы бар тегештің суы таусылғанға дейін жасайды. Соңында балалар өздігінен көлшікті құрғатып, алып тастағандай болады. Көлшік туралы өлең жолдарын тауып, әрекет үстінде балаларға оқып беруге болады.		ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды.			

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз". Балаларға қасық ұстап үйрету жұмысын жалғастыру. Ғажайып сәт. Қуыршақ Дана топқа қонаққа келеді, ол көжені аузына шашыратпай апара алмайтындығына байланысты көйлегін үнемі былғатып алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" деген балабақша өлеңін айтып "тыныштандырады". Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатындығын көрсетуді ұсынады. Соңында Дана балаларға сабақ үшін алғыс айтады.
Түскі ұйқы	"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты. Дастархан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Қоян" тақпақ-оятпағы. Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады: "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың". Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы. Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртінуге.

	Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру.				
Бесін ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары. Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Көркем сөз. Су жайында білесің бе? Су болады барлық жерде! Көлшіктерде, теңізде, Мұхиттар мен көлдерде, Тіпті, өз үйімізде, Су ағатын шүмекте! Шатырдан ағып мұз болар,	"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру. Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу. Тақпақ-жаттамақ. Суым-кұрбым, Барлығының қолын жудың: Мадина мен Еңлікке, Қарлығаш пен Ерлікке. Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді, Риза болып балалар, қуанып келді.	Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері. Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. Су өте әртүрлі болады. Ол, сиқыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер. - Бірінші стақанда не бар? - Су. - Екінші стақанда не бар? - Сүт. Суы мен сүті бар	"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету. Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер. "Сиқыршы су туралы" әңгімелесу. Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың	"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны. Мақсаты: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру. Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар,

	Тұман боп жер бетін басар. Шәйнек қайнап кеткенде, Бу болып одан шығар. Су болмаса шөлдейміз, Тамақ ішіп, жемейміз. Денемізді жуа алмай, Кір - кір болып жүреміз. Сусыз өмір жоқ мүлде, Соны достым білдің бе?! Тусипжанова-Шагирова А. "Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты		стақанда қасықтар бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? - Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз. - Неге? Су қандай? - Сүт қандай түсті? - Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ паракты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады). - Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір. -Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші.	қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.	салғыштары бар бөшкешелер, өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.
--	--	--	--	--	--

	мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу."		Сукұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр сукұйғыштан құямын. - Айтыңдаршы, жасыл сукұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар? - Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық. - Демек, су суық және жылы болуы мүмкін. - Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? - Қайнатылған, мөлдір. - Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда	
--	--	--	--	--

			қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.) - Дәмі қандай су? (Дәмсіз.) - Судың иісі бар ма? Иіскейікші. - Жоқ, судың иісі жоқ. - Су кімге керек? -Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.		
Балалармен жеке жұмыс	"Жұбын тап" ойыны. Мақсаты: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер.	"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу. Мақсаты: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.	"Мен және достарым" атты жаттығу. Мақсаты: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету.	«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру.	Апта тақырыбына байланысты жұмбақтар шешкізу. Жұмбақ. Аяғы жоқ жүреді, Сылқ-сылқ күледі. (Су) Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (Су) Сүмен іс-тәжірибелер. Мақсаты: судың

	Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б.				мөлдір болып, бояуларға боялатынын, судың көкөністерде (қияр, пияз, қызанақ) бар болғандығын дәлелдеу; зияткерлікке бейімдеу. Апта тақырыбы бойынша нақыл сөздер. Су — ырыстың көзі, Еңбек — кірістің көзі. Су бергеннің — сауабы бар. Су төккеннің жауабы бар. Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.
Серуенге дайындық	Мақсаты: шкафтан	Мақсаты:	Қауіпсіздік ережелері	"Киімдерді әдемілеп	Алаңқайда қимыл-

	далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма	жапсырмасы бар қапсырмалы аяқкиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.	жайында жеке дербес және ұжымдық әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау.	бүктейік" ойын жаттығуы. Мақсаты: киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киіне білуге, өз шкафтарын суретті белгісі бойынша таба алуға және киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету.	қозғалыс ойындарын ойнаған кезде: - ойын ережелерін мұқият тыңдау; - ойынды педагогтің белгісі бойынша ғана бастау; - көрсетілген жерде ғана ойнау; - лақтырған кезде, құралыптастарына көздемеу; - лақтырған кезде, белгі берілгеннен кейін ғана доптың соңынан жүгіреміз; - ойнаған кезде бір-бірлеріңе қақтығыспауға тырысыңдар.
--	--	--	--	---	--

	және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.				
Серуен	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: құмды бір жерге	Желді бақылау. Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. "Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы. Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға,	Құмды бақылау. Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу. "Батады, батпайды" сумен ойындар. Әр түрлі заттарды жинастырыңыз. Бұл пластик қақпақтар, поролон бөліктері, малтатастар,	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. "Тамшы мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.	Бұлттарды бақылау. Мақсаты: балалардың назарын бұлттардың жылжуына аудару; бұлттарды ақ және сұр түсті болатынын, сұр бұлттардың жаңбырдың болуын қамтамасыз ететінін түсіндіру, білімдерін толықтыру; зеректікке тәрбиелеу. "Тауық" сумен ойындар. Мақсаты: шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу. Сумен ойнайтын ойындарды тауық туралы ертегімен

үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару. Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. "Іздер" құммен ойнайтын ойындар. Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын желітдіру, елестету, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Балаға егер қолдарын, аяқтарын немесе басқа да затты алып, құмның бетіне қойып, сәл бассак, құм бетінде із қалатынын көрсету. Өздеріне із қалдырып көруді ұсыныңыз, содан кейін шыққан ізге түрлі суреттер мен кескіндер салып безендіртіңіз. Жан-жақтарында	қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Аспанға алтын күн шықты, Шашыратып шуақты. Домалаңдап, жарқырап, Көзін қысып, бізбен ойнап. Күнім, рақмет, демалшы, Көлге батып, ұйықташы. Д. Ахметова. Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап,	түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға заттарды кезекпен суға лақтырып, олардың бататын-батпайтынын анықтау ұсынылады. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды	Балалар тамшылардың қалпағын киеді. Тамшылар жерге ұшты, секірді, ойнады. Тамшылар бірге жиналып, көңілді бұлақтар болып ағады (екі-екіден қол ұстасып, бұлақ жасайды). Бұлақтар кездесіп, үлкен өзенге айналады (бір тізбекпен байланысады). Өзен ағып - ағып үлкен бір мұхитқа құяды (балалар шеңберге тұрып, шеңбер бойымен қозғалады). Тамшылар мұхитта жүзіп жүзіп, содан кейін бұлт аналары - "үйге қайтындар" - деп айтып жатқанын естеріне түсіреді. Дәл сол кезде күн шықты.	үйлестіруге болады. Балаларға тауық келеді. Балаларға тауықтың не істей алатынын, немен тамақтанатынын, қалай дыбыстайтынын айтып беріңіз. Балалармен бірге құсқа жем беріңіз. Ал, тауық балалар қамқорлық танытқандары үшін, оларға көп жұмыртқа әкеледі. Піскен жұмыртқалары бар себетті алып шығыңыз. Балаларға ұстап көруге ұсыныс жасайды. Олар ақ түсті және жұмыр екеніне назар аудартады. Сосын тегешке су құйып, ішіне жұмыртқаларды салыңыз. Ойын
--	---	--	--	--

	қоршаған тағы қандай заттармен із қалдыруға болатынын қиялдап көруді сұраңыз.	шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді. "Жаңбыр" сумен ойындар. Балаларға сукұйғышпен жаңбыр жауғызып, ойын ұйымдастыру өте оңай. Тамшылардың суға қалай таматынын, бос тегенеде біртіндеп үлкен көлшік қалай пайда болатынын көрсетіңіз. Балаларға жаңбыр туралы өлең оқыңыз, ән айтыңыз. Осындай ойыннан кейін сіз шығармашылық сабақ ұйымдастыра аласыз. Балалармен бірге бұлттар мен жаңбырдың суретін салыңыз. Еңбек тапсырмасы:	ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	Тамшылар жеңілдене бастады (тізе бүккен тамшылар көтеріліп, содан кейін қолдарын жоғары созады). Олар күн сәулесінің астында буланып, бұлт аналарына оралды. Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша	барысында , балалар жұмыртқаларды қолдарымен алып шығып, себетке салу керек. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.
--	--	--	--	--	---

		қурап түскен жапырақтарды жинастыру. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру.		әрекеттер жасауға машықтандыру.	
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. (шығармашылық дағдылар, музыка) Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (танымдық дағдылар) Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				

басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу.	"Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу.	«Жазғы жайсаң күндер» фото көрме.